

түсіне бермейді, білмейді. Сондықтан болар, 2005 ж. Қанапияның «Введение в смысловую педагогику» атты үлкен монографиясы жарық көрді.

Бірқатар аспиранттарға басшылық жасап диссертация қорғатты. Көптеген адамдардың кандидаттық, дәстүрлік диссертацияларына оппоненттік жасап, әділ пікірін білдірді. Қаншама жұмыс басты болса да, қажымай, талмай жүріп ғылыми докторлық диссертациясын қорғап шықты.

Қазақстандағы педагогика ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосты. Педагогика Академиясының толық мүшесі- академигі болды.

Халқының қалаулы азаматы болды.

Жаны жайсаң азамат еді.

Тағдырдың салған жолында Қанапиямен дос болғанымды өзіме мақтан тұтамын.

Қанапия, 2019 жылы Май айының 7 күні қайтыс болды.

Артында сүйікті Динасы қалды, ұлы Асқары, қызы Данасы.

Асқары – Москва университетінің физика факультетін бітірген, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Гумилев атындағы университеттің мақтанышы. Немерелерімен үбірлі-шүбірлі семья.

### **АРДАҒЫМ – АҒАТАЙЫМ**

*Алматыдағы інісі Ислам Байгисиев*

Жас кинорежиссер:

-Фильмнің сәтті шығуы оны қалай түсірілуіне байланысты ма, әлде кімді тусіруіңе байланысты ма?

Ұстаз:

-Кімнің түсіргеніне байланысты...

Сол айтқандай Қанапия аға туралы, өзімнен бұрын, Ебіней Арыстанұлынан естіген әңгімеден бастағым келіп отыр...

1973 жыл. Қанапия ағамен әлі таныс емеспіз. Ол кезде Гүлсім екеуміз Қарағанды облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында қызметтеміз. Жас семья, жас маман ретінде театр бізге Нүркен Әбдіров көшесінде жаңадан тұрғызылған үйден екі бөлмелі пәтер берді. Қуанышымызды бөлісуге, Қарағандыға келгелі бізді бауырларына басып, әке-шешеміздей болып кеткен Ебіней аға мен Зүбайра апамыздың үйіне келдік. Бұл жаңалыққа балаша қуанған Ебіней аға:

- Әй, батырлар, сендер «айды аспаннан бір-ақ шығарыпсындар».

Ол дегенің кірпіштен салынған, керемет әдемі, жаңа үй ғой. Сендер Қарағанды мемлекеттік университетінің ұстаздарымен көрші болатын болдыңдар. Сол үйден университетке де бірнеше пәтер берілді.

Айтпақшы мынадай бір жағдай болды. Сол пәтерлерді рет ретімен бөлдік. Ертеңіне, физика факультетінің деканы және бастауыш партия ұйымының хатшысы Арынғазин Қанапия деген жігіт келіп өзіне берілген төрт бөлмелі пәтерден бас тартатынын айтты. Себебін сұрасам төрт бөлмелі пәтерді семья мүшелері көп басқа ұстазға беріп, өзіне одан гөрі шағындауы да болатынын айтып тұр.

Мен пәтер бөлерде барлық жағдайлардың ескерілгенін, өзіне, ғылым кандидаты ретінде, қосымша шаршы метрлер тиесілі екенін айтып түсіндірдім. Айтуын айттым-ау, дегенмен артынан Қанапияның адалдығына, ақтығына іштей риза болдым,- деп, Ебіней ағаның таң қалып айтқаны менің де есімде қалып қойыпты.

Содан көп ұзамай бізбен бірге сол үйден пәтер алған Сейфуллин театрының артистері Жанас пен Гүлсара қоныс тойына шақырды. Бардық. Жанас кешігіп келген бізге қонақтарын таныстырып, төрде отырған кісіні: “...бұл кісі бізге ең жақын адам, себебі пәтерлері 40, біздікі 41 нөмірлі, аты-жөні Қанапия Арынғазин”- деді.

Менің ойыма Ебіней Арыстанұлының айтқан әңгімесі оралды...

Біздің Қанапия ағамыздың отбасымен таныстығымыз осылай басталып еді.

Ол кезде мен 23-те, ал, Қанапия аға 38-де ғана екен. Сол кезден бастап, 1990 жылы қызмет бабымен мен Алматыға қоныс аударғанға дейін, өзіміз ғана емес, балашағамызбен араласып, барлық қызықтарымызды да, «шыжықтарымызда да» бірге келе жатырмыз...

Бірде, Қанапия ағамен өзара әңгіме арасында, мен театрдағы жұмысымның жақсы екенін, дегенмен жоғары білім алғым келетінін айттым.

Ол кісі бұл ойымды қоштады және кез келген уақытта қолынан келген көмегін аямайтынын шын пейілмен білдірді.

Сондықтан менің мамандығымды ауыстырып, жоғары білімді заңгер болуымның да басы-қасында Қанапия аға тұрды деп айта аламын.

Біздің аға-дос, іні-дос екенімізді көпшілік көріп, біле бастады. Дегенмен, біреуі- мен КарГУ-дің студенті, екіншісі - Қанапия Мүбәрәкұлы КарГУ-дің деканы, «бұл қалай?» деп, таңқалушылар аз болған жоқ. Қалай болғанда да Қанапия аға мен жеңгеміз Дина Ыбырайқызының қасында жүріп шапағатын ғана емес, өнегесін де көп көрдік.

Ол кісінің «барына қанағат қылып жоғын тапқанының», «кішіліктің арқасында кісілікке жеткенінің» куәсі болдым...

Әбіш Кекілбаев: «Қарттықтың үш белгісі бар. Адам қартайған сайын өкпелегіш, ұрыншақ, мақтаншақ бола бастайды»-деген екен.

Біз Алматыға қоныс аударғалы ағамызбен араласуымыз, хабарласуымыз бұрынғыдай емес сиректеу болғаны рас. Қанапия ағам, жаңағы айтқандай, «өкпелегіш» болды. Қасында жүрген, жиі араласатын інілері Оразалы, Құралдарға: «Волка сколько не корми, на юг смотрит. Әлгі, бізден Оңтүстікке қашып кеткен, Шудың қуы Исламға айтыңдар, Гүлсім екеуі келіп Дина жеңгесінің сақтап қойған сыбағасынан ауыз тиіп кетсін» дейтін көрінеді.

Қайран, ағатайым-ай... Бұлай “өкпе-наз” айтатын адамдар да қалмай барады... амал нешік...

Зейнет жасына жетіп, сексеннің сентіріне шыққан соң, балаларға жақындау болмақ оймен Қанапия аға мен Дина жеңгеміз, өздерінің өскен, өнген ортасы Қарағандысын қанша жерден қимаса да, Астанаға (Нұрсұлтанға) қоныс аударды. Жақсы жерден, жақсы үй алып, балалар, немерелердің ортасында бақытты өмір кешіп жатқан...

«Қарыс жерде қаза бар».

Ағамыздың денсаулығы сыр берді. Дина жеңгеміз, балалар қолдан келгенше емдеп, жағдайын жасады. Дегенмен кесел меңдеді ме, жоқ әлде өзінің ортасынан, Қарағандысынан ұзап, жырақтау кеткені себеп болды ма Қанапия ағатайымыз 2019 жылы дүниеден озды...

Келе жатырмын... Алматы – Астана жүрдек пойызының купесінде, бұрын-соңды өлең шығармаған менің ойыма осы бір шумақтар орала берді:

*Орта зой барлық дерттің айтар емін,  
Әлі де жүрер ме едің, қайтер едің.  
Жырақтап кеткеннен соң өз ортаңнан,  
Ертерек құладың ба, бәйтерегім.*

*Айтады мені енді «бала» деп кім,  
Кенеттен «аққу әнін» сала кеттің.  
Тек өзің кеткен жоқсың ағатай-ау,  
Менің де жастығымды ала кеттің.*

*Демеймін бұл қазаны жазатайым,  
Жеткен-ау, өлшеп берген сағат, айың.  
Бақұл бол, топырағың торқа болсын.  
Ардағым, ардаемгенім, Ағатайым.*

Абай: «Көңілдегі асыл ойдың ауыздан шыққанда өңі қашады»-деген екен. Сол айтқандай айтарым да, білерім де көп секілді еді... ойға оралғаны осы болды.

## **АРЫНГАЗИН КАНАПИЯ МУБАРАКОВИЧ: УЧЕНЫЙ, ПЕДАГОГ**

*Курманов М.К. доктор физико-математических наук*

Я знал Кананию Мубаракевича с 1960 года когда я поступил на 1-й курс КазПИ имени Абая на физ-математический факультет на специальность /учитель физики и общетехнических дисциплин/, Канания Мубаракевич окончил 2 курс после окончания Первого Чкаловского военно-авиационного училища летчиков. Мы все первокурсники на него обратили внимание Он всегда ходил аккуратно одетый, вытнутый с военной выправкой разговаривал с младшекурсниками вежливо давал полезные советы. Какие спортивные секции успешно работают, Впоследствии мы встретились в кружке по шахматам. В составе команды института участвовали на межвузовских соревнованиях в городских соревнованиях. В команде на первой доске играл его сокурсник Мукушев Тельман на второй доске играл Канания Мубаракевич а на третьей доске играл я Курманов М.К. Мы часто занимали призовые места. С тех пор у нас сложились добрые доброжелательные взаимные отношения. После окончания института его отправили в Карагандинский педагогический институт. У нас прервались связи до 1972г.

В 1972 году в Караганде открылся второй Университет в КазССР первым ректором был назначен академик, лауреат Государственной премии СССР, доктор технических наук Букетов Е.А. и у нас с Бадишой Амиржановной Абишевой возникли мысли ранее не осуществившиеся мечты заниматься наукой в стенах нового молодого университета. И в сентябре 1972 года решили переехать в Караганду попробовать устроиться в КарГУ на физический факультет. Приезжаю на физфаке деканом работает Арынгазин Канания Мубаракевич а еще зав.кафедрой Физики твердого тела Кукетаев Темиргали Абильдинович. Оба они меня знали со студенческих лет. И предложили временно устроиться на кафедру физики твердого тела в качестве старшего преподавателя с окладом 75 рублей.

Под руководством Арынгазина К.М. с 1972г. по 1974гг. формировалась кафедра физического факультета создавалась рабочая документация, закладывалась традиция, определялся облик физического факультета. За время работы в КарГУ им. Е.А. Букетова Арынгазин К.М. заведовал кафедрой теоретической физики, кафедрой общей и теоретической физики, более 10 лет был деканом Факультета повышения квалификации ОНО КарГУ, 7 лет занимал должность проректора по науке ИПК РО при КарГУ. При этом он непрерывно занимался научной работой. Интересы в области теоретической физики постепенно сменились интересами в области педагогической науки. И в результате интенсивной научной деятельности в 2001 году успешно защитил диссертацию на соискание ученой степени доктора педагогических наук по теме „Развитие педагогики путем совершенствования теоретико-методологической смысловой основы“, К.М. Арынгазину принадлежит приоритет в двух крупнейших направлениях современной педагогики, связанных с развитием геометрических идей в теоретической физике и построением естественнонаучных основ смысловой педагогики. Его исследования в области педагогики нашли свое отражение почти в сотне публикаций вышедших в Казахстане и за рубежом. К ним относятся монографии. Геометрические идеи в теоретической физике, введение в естественнонаучные основы смысловой педагогики, становление новой культурно-исторической педагогической общности, теоретические и практические аспекты смысловой педагогики, и.т.д. Вклад Арынгазина К.М. в развитие образования высоко оценен награжден 4-ми медалями знаком, отличник